



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14
www.115.kz
тел: 8 (7172) 71-28-68 факс: 8 (7172) 30 18 65

010000, город Астана, пр.Мәңгілік ел,14
www.115.kz
тел: 8 (7172) 71-28-68 факс: 8 (7172) 30 18 65

01.03.2018 № 2-010317-18-14813

01.02.2018 ж. № ДЗ-28

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2018 жылғы 1 ақпандағы №ДЗ-28 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Прокуратура органдары ішкі істер және көліктік бақылау органдарымен бірлесіп жолаушылар автотасымалдаушыларға қатысты жүргізген рейдтік іс-шаралар аяқталды.

2,5 мыңнан астам бұзушылық, 139 заңсыз тасымалдаушы, заңсыз қайта жабдықталған 94 автобус анықталды.

Жекелеген жағдайда жол берілген бұзушылықтар жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірумен ұштасқан.

Мысалы, Атырау облысында автобустың салоны жанармаймен жұмыс істейтін қолдан жасалған құралмен, ал Талдықорғанда – дәнекерлейтін шаммен жылытылған. Соңғысының салонында 10 бала болған.

Автобустарды мас күйінде жүргізген 2 факт анықталды. Олардың бірі 19 мектеп оқушысын тасымалдаған.

Сондай-ақ тасымалдауға көлікті мас күйінде жүргізгені үшін жүргізуші куәлігінен айрылған жүргізушілер жіберіледі.

Барлық тексерілген тасымалдаушылар өз қызметін ұзақ уақыттан бері жүзеге асырып келеді, бұл еліміздегі жолдарда тиісінше мемлекеттік бақылау жүргізілмейтінін көрсетіп отыр.

Басқа да жүйелі мәселелер бар.

Жүргізушілердің еңбек және тынығу режимінің сақталуын тексеру қалдық қағидаты бойынша жүргізіледі, бұл соңғыларына тынығу мерзімдерін елемеуге мүмкіндік береді.

Автобустардың техникалық байқаудан өту нысанына салыстырып тексеру жүргізілмейді. Бұл жұмыс біздің бастамамыз бойынша қолға алынды. Осының өзінде техникалық байқаудан өтпеген 4,7 мыңнан астам автобус анықталды.

Қолданыстағы заңнама да өзектілендіруді қажет етеді.

Мысалы, жол қозғалысы ережелерін бұзуға жиі жол беретін жүргізушілерді жолаушылар тасымалдауға тартуға нормативтік тыйым салынбауы осы саладағы тәуекелдерді арттырады.

Тек Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде штатында бұрын жүргізуші куәлігінен айрылған 16 жүргізушісі бар тасымалдаушыларға рұқсат құжаттарын беру фактілері анықталды.

Анықталған бұзушылықтарды есепке ала отырып прокуратура органдары әкімшілік полиция және көліктік бақылау комитеттерін, аумақтық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармалары мен бөлімдерін тексеруге кірісті.

Осы жұмыстың қорытындылары бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.

Ғ. Нұрдәулетов

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

на депутатский запрос № ДЗ-28 от 1 февраля 2018 года.

Уважаемые депутаты!

Органами прокуратуры совместно с органами внутренних дел и транспортного контроля завершены рейдовые мероприятия в отношении пассажирских автоперевозчиков.

Выявлено свыше 2,5 тысяч нарушений, 139 нелегальных перевозчиков, 94 незаконно переоборудованных автобуса.

В отдельных случаях допущенные нарушения сопряжены с угрозой жизни и здоровью пассажиров.

К примеру, в Атырауской области салон автобуса отапливался самодельным прибором, работающим на бензине, а в Талдыкоргане – паяльной лампой. В салоне последнего находилось 10 детей.

Выявлено 2 факта управления автобусами в состоянии алкогольного опьянения. Один из них перевозил 19 школьников.

Также к перевозкам допускаются водители, лишенные водительских прав за вождение в пьяном виде.

Все досмотренные перевозчики осуществляют свою деятельность продолжительное время, что указывает на ненадлежащий государственный контроль на дорогах страны.

Имеются и другие системные проблемы.

Проверка соблюдения режима труда и отдыха водителей осуществляется по остаточному принципу, что позволяет последним игнорировать сроки для отдыха.

Не проводится сверка на предмет прохождения автобусами технического осмотра. Эта работа начата по нашей инициативе. Уже установлено свыше 4,7 тысяч автобусов, не прошедших техосмотр.

Действующее законодательство также требует актуализации.

К примеру, повышает риски в данной сфере отсутствие нормативного запрета на привлечение к пассажирским перевозкам водителей, систематически допускающих нарушения правил дорожного движения.

Только по Южно-Казахстанской области установлены факты выдачи разрешительных документов перевозчикам, имеющим в своем штате 16 водителей, ранее лишавшихся водительских прав.

С учетом выявленных нарушений органы прокуратуры приступили к проверке комитетов административной полиции и транспортного контроля, территориальных управлений и отделов пассажирского транспорта и автомобильных дорог.

По итогам этой работы будут приняты соответствующие меры.

**И.о. Генерального Прокурора
Республики Казахстан**

Г. Нурдаулетов



БҰЙРЫҚ

С. Д. Нұрдаулетов

Астана қаласы

ПРИКАЗ

166

город Астана

Іссапарға бару және міндеттерді
атқаруды жүктеу туралы

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының
4) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Халықаралық конференцияға қатысу үшін 2018 жылдың 1-2
наурызы аралығында Алматы облысына іссапарға барамын.

2. Мен іссапарда болған кезде Қазақстан Республикасы Бас
Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының бірінші орынбасары Г.Д. Нұрдаулетовке жүктеймін.

3. Жол әуе көлігі арқылы жүргізілсін.

4. Іссапар шығындары Қаржы департаменті арқылы төленсін.

Негіздеме: қызметтік хат.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

С. Д. Нұрдаулетов

Қ. Қожамжаров

